

## Шығыс Қазақстан облысы Күршім, Бородулиха аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 365 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8/94-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 қаңтарда № 4829 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, "Күршім ауданы Теректі ауылдық округінің және Теректі ауылының атын өзгерту туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 қазандағы № 5/6-VI шешімі және Күршім ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 292 қаулысы, "Әкімшілік-аумақтық бірлікті және елді мекендердің құрамдас бөліктерін атау және қайта атау туралы" Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 28-7-V шешімі және Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 307 қаулысы негізінде, облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 1 қарашадағы қорытындысын ескере отырып, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысының Күршім және Бородулиха аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктері:

Күршім ауданы бойынша:

Теректі ауылдық округі Марқакөл ауылдық округі;

Теректі ауылы Марқакөл ауылы;

Бородулиха ауданы бойынша:

Ленин ауылдық округі Құнарлы ауылдық округі болып қайта аталсын.

2. Осы шешім мен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Ж. Шаймарданов*

*Облыстық мәслихат*

*Хатшысы*

*Облыс әкімі*

*Д. Ахметов*

*В. Головатюк*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК